

**Тарихи анықтама
№ 195 қорға**

20.07.2016 ж

Жымпиты ауылы

Батыс Қазақстан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Сырым ауданының туберкулез ауруханасы» мемлекеттік мекемесі 17.11.2003 жылы Батыс Қазақстан облысы әкімінің № 246 қаулысымен құрылған.

(Негіз: Қ-195, Т-1, і-1, п-1)

«Сырым ауданының туберкулез ауруханасы» Сырым ауданы, Жымпиты ауылы, С.Датов көшесі, № 87 мекен-жайда орналасқан. Мекеменің дербес балансы, мөрі, штамптары, банктерде есеп шоттары, бизнес сәйкестендіру нөмірі, мемлекеттік сыныптаушы бойынша коды бар.

«Сырым ауданының туберкулез ауруханасы» мемлекеттік мекеме. Мекеме заңды тұлға статусына ие.

Аурухана заманауи стационарлық рентген қондырғы, бактериологиялық зертхана, бактерия егіп, өсіру пункті, гематологиялық және биохимиялық анализаторлармен жабдықталған.

Мекеме қызметінің негізгі мәні туберкулезбен ауратындарға стационарлық көмек көрсету, сапасын арттыру, мониторинг өткізу, амбулаториялық жағдайда ауруларды анықтау және емдеу дәрісін айқындау, аудан тұрғындарына кеңесші – диагностикалық және стационарлық көмекті қамтамасыз ету.

Мекеменің өкілетті органы болып Батыс Қазақстан облыстық денсаулық сақтау басқармасы табылады.

«Сырым ауданының туберкулез ауруханасы» мемлекеттік мекемесін құрылған уақытынан бастап бас дәрігер, дәрігер-фтизиатр Искалиева Урюк Гусмановна басқарды.

Батыс Қазақстан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Сырым ауданының туберкулез ауруханасы» мемлекеттік мекемесі 27.05.2016 жылы Батыс Қазақстан облысы әкімінің № 167 қаулысымен таратылды.

«Сырым ауданының туберкулез ауруханасы» мемлекеттік мекемесінің әр жылдардағы **штаттық кестесі:**

2004 жыл:

Бас дәрігер – 1
Дәрігер-рентгенолог -1
Дәрігер-фтизиатр – 1
ага-медбике – 1
Медбике -5
клиникалық лаборант – 1
рентген лаборант – 1
санитарка- 6
буфетчица – 1
ванщица -1
есепші – 1
кассир – 1

кадр инспекторы – 1
завхоз – 1
аспазшы – 1
аспаз көмекшілері - 2
кір жуушы – 1
оператор – 1
қойма меңгерушісі – 1
монтер -1
от жағушы-оператор -4
жүргізуші 1

2008 жыл

Бас дәрігер – 1
Дәрігер-рентгенолог -1
Дәрігер-фтизиатр – 1
аға-медбике – 1
Медбике -5
клиникалық лаборант – 1
рентген лаборант – 1
санитарка- 6
буфетчица – 1
ванщица -1
есепші – 1
кассир – 1
кадр инспекторы – 1
завхоз – 1
аспазшы – 1
аспаз көмекшілері - 2
кір жуушы – 1
оператор – 1
қойма меңгерушісі – 1
монтер -1
от жағушы-оператор -4
жүргізуші 1

2016 жыл

Бас дәрігер – 1
Дәрігер-рентгенолог -1
Дәрігер-фтизиатр (үлкендерге)– 1
Дәрігер-фтизиатр (балаларға)– 1
аға-медбике – 1
Медбике -5
клиникалық лаборант – 1
рентген лаборант – 1
санитарка- 6
буфетчица – 1

ванщица -1
есепші – 1
кассир – 1
кадр инспекторы – 1
завхоз – 1
аспазшы – 1
аспаз көмекшілері - 2
кір жуушы – 1
оператор ЭВМ– 1
қойма меңгерушісі – 1
монтер -1
от жағушы-оператор -4
жүргізуші 1

Статистикалық көрсеткіштер:

Бірінші рет туберкулез ауруына шалдыққандар саны:

2007 ж - 32
2008 ж - 33
2009 ж - 26
2010 ж - 23
2011 ж - 20
2012 ж - 18
2013 ж - 16
2014 ж - 13
2015 ж – 9

Барлық белсенді ауру саны:

2007 ж - 52
2008 ж - 59
2009 ж - 45
2010 ж - 41
2011 ж – 21
2012 ж - 38
2013 ж - 33
2014 ж - 22
2015 ж – 25

Туберкулез ауруынан өлгендер саны:

2007 ж - 6
2008 ж - 2
2009 ж - 4
2010 ж - 1
2011 ж - 1
2012 ж - жоқ
2013 ж - 1
2014 ж - жоқ
2015 ж – жоқ

Батыс Қазақстан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Сырым ауданының туберкулез ауруханасы» мемлекеттік мекемесі 27.05.2016 жылы Батыс Қазақстан облысы әкімінің № 167 қаулысымен таратылуына байланысты, 2016 жылдың шілде-тамыз айларында аурухананың 1512 құжаттарына ғылыми-техникалық сараптау жұмыстары жүргізілді.

Мұрағаттық қордың хронологиялық шегінен асатын құжаттар жоқ. Мұрағаттық қорға жасалған ғылыми-анықтамалық аппарат құрамына тізімдемелер, тарихи анықтама, акттер, қор кәртiшкесi енгізілді.

Нәтижесінде 4 тізімдеме жасалды: №№1, 1ж, 2ж және уақытша сақталатын құжаттардың тізімдемесі. Ғылыми-тарихи құндылығы жоқ және тәжірибелік мәнін жоғалтқан 203 (екі жүз үш) құжат №1 жоюға актісіне енгізілді.

Барлық құжаттар жаңа мұқабаға тігіліп, парақталып, қорытынды жазбалары жазылып, тиісті деректемелері қойылды (істердің нөмірлері, индекстері, аралық мерзімдері).

Ғылыми-техникалық өңдеу барысында басшылыққа 2011 жылы облыстық мұрағатпен келісілген істер номенклатурасы алынды.

№ 1 тізімдемеге құрылтайшы құжаттар, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырудың конкурстық комиссия отырысының хаттамалары, негізгі қызмет жөніндегі бұйрықтар, міндеттемелер мен төлем бойынша қаржыландыру жоспарлары, тауарларды, жұмыстарды және көрсетілген қызметтерді мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарлары, штаттық кесте, жылдық есептер, жылдық статистикалық есептер т.б. да құжаттар енгізілді.

№ 1 ж тізімдемесіне жеке құрам жөніндегі бұйрықтар, еңбек ақы есептеу ведомостары, міндетті зейнетақы жарналарына қаражат аудару жөніндегі құжаттар (тізімдер, төлем тапсырмалары), әлеуметтік төлемдерді аудару жөніндегі құжаттар (тізімдер, төлем тапсырмалары), қызметкерлердің тізімі енгізілді.

№2 ж тізімдемесіне жұмыстан босатылған қызметкерлердің жеке істері енгізілді.

№ 1 (10 жылдан жоғары) уақытша сақталатын құжаттардың тізімдемесіне науқастардың стационарлық карталары енгізілді. Бұл тізімдеме екіге бөлініп жасалды, себебі ережеге сай тізімдемеге 999 сақтау бірлігі енгізіліп, тізімдеме аяқталды. Жалғасы нөмір 1 ден басталып жаңа тізімдемеге енгізілді, барлық стационарлық карталар екі тізімдеме бойынша 1057 карта, тізімдемеге науқастардың карталары алфавит бойынша жүйеленді. 1057 картаның: 38 амбулаторлық карталар, 1019 стационарлық карталар. Бүгінгі таңда орталық ауруханадан бір тубкабинеті ашылып, қалған жылдардағы науқастардың амбулаторлық карталары сол тубкабинетте қалдырылып отыр.

Ғылыми-тарихи құндылығы жоқ және тәжірибелік мәнін жоғалтқан деп танылып, 2004-2010 жылдар аралығындағы 203 іс жоюға бөлінді, № 1 жою акт жасалды.

2011 жылғы істер номенклатурасы бойынша бірнеше тұрақты сақталатын құжаттар жүргізілмеуіне, сақталмауына байланысты, тізімдемеге енгізілмей отыр, мысалы: индекс 1-5 заңды және жеке тұлғалардың өтініштерін қарау жөніндегі жылдық статистикалық есептер, индекс 1-6 қор ісі, индекс 3-5 қызметшінің бос лауазымына орналасуға конкурс өткізу туралы құжаттар, индекс 3-13 негізгі қызмет бойынша ұйым басшысының бұйрықтарын тіркеу журналдары.

25 жыл сақталатын стационарлық және амбулаторлық карталардан басқа да құжаттар сақталмаған.

Мекеме жабылуына байланысты, мекеменің құжаттарына жоспардан тыс ғылыми-техникалық сараптау жұмыстары жүргізіліп, мұрағатқа тапсыруға дайындалып отыр. Бұл жөнінде 08.07.2016 ж №125 санды қатынас хат жалғанып отыр.

Барлық құжаттар жаңа мұқабаға тігіліп, нөмірленді, қорытынды жазбалары жазылды. Барлығы 1512 ге жуық құжат өңделіп отыр: тұрақты және 75 жыл сақталатын 252 құжат, уақытша сақталатын құжаттар 1057, 203 құжат жоюға бөлініп отыр. Мекемеге жаңа қор нөмірі беріліп отыр № 195. Мекеме бұрыннан БҚО мемлекеттік мұрағаты Сырым филиалының қор көздері тізіміне енгізілген мекеме.

Тізімдемелер, актер, тарихи анықтама 4 данадан, мемлекеттік тілде жасалды, уақытша сақталатын құжаттардың тізімдемелері 3 данадан шығарылды.

Барлығы 33 бума жасақталып, 33 жаңа жапсырмалары тағылды. Құжаттардың барлық тиісті деректемелері талапқа сәйкес ресімделді.

Құжаттардың сақталу деңгейі – қанағаттанарлық.

Ғылыми-техникалық өңдеуден кейін төмендегідей есептік құжаттар құрастырылды:

1. 192 іс енгізілген 2004-2016 жылдар аралығындағы № 1 тұрақты сақталатын істер тізімдемесі ;
2. 49 іс енгізілген 2004-2016 жылдар аралығындағы жеке құрам жөніндегі № 1 ж тізімдемесі;
3. 11 іс енгізілген 2016 ж жеке құрам жөніндегі (жұмыстан босатылған қызметкерлердің жеке істері) № 1 тізімдемесі;
4. 999 іс және 58 іс енгізілген 2004-2016 жж аралығындағы № 1 (10 жылдан жоғары) уақытша сақталатын құжаттардың тізімдемелері;
5. Жоюға бөлінген құжаттардың акті №1;
6. Тұрақты сақталатын құжаттардың жетіспейтін акті №2
7. Тарихи анықтама;
8. Қор кәртiшкесі.

Құжаттардың күйі және өңдеу сапасы жақсы.

Құжаттардың тілі – аралас, мемлекеттік және орыс тілдерінде.

**Сырым ауданының туберкулез
ауруханасы ММ бас дәрігері**



У.Г.Искалиева

20.07.2016 ж